

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP22684045 «Саңырауқұлақтарды алдын ала өңдеудің физика-химиялық әдістерінің олардағы табиғи радионуклидтердің құрамына әсері».
Өзектілігі	Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында саңырауқұлақтардағы альфа-сәулелену тудыратын табиғи радионуклидтердің құрамын анықтау және оларды тұтыну кезінде адам денсаулығына төнетін ықтимал қауіптерді бағалау бойынша кешенді зерттеулер жүргізілмеген. Сонымен қатар, стандартты тазарту әдістерінің (суға салып қою, қайнату) тиімділігі шектеулі, ал саңырауқұлақтарды алдын ала өңдеудің баламалы физика-химиялық әдістерінің табиғи радионуклидтер концентрациясын төмендетудегі әсері зерттелмеген. Саңырауқұлақтардың ластану деңгейі және оларды залалсыздандырудың ғылыми негізделген әдістері туралы ақпараттың жеткіліксіздігі жағдайында бұл зерттеудің жүргізілуі халық денсаулығын қорғау тұрғысынан да, тамақ өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары үшін ұсынымдар әзірлеу тұрғысынан да өзекті және орынды болып табылады.
Мақсаты	Жобаның мақсаты саңырауқұлақтардағы табиғи радионуклидтердің құрамына алдын ала физико-химиялық өңдеу әдістерінің әсерін анықтау
Міндеттері	1) Деректер қорымен индекстелетін халықаралық журналдарда (Web of Science, Scopus) жарияланатын ғылыми мақалаларды, сондай-ақ отандық басылымдарды талдау арқылы зерттеу тақырыбы бойынша қолжетімді ғылыми ақпаратқа шолу жүргізу 2) Қазақстанның ықтимал ластанған аумақтарынан сынама алу жүргізу; 3) торий мен уран изотоптарының құрамына талдау жүргізу; 4) табиғи радионуклидтерге қатысты ең жоғары биоконцентрациялық қабілеті бар саңырауқұлақтардың түрлерін анықтау; 5) Саңырауқұлақтарды алдын ала өңдеудің ең тиімді физика-химиялық әдістерін анықтау; 6) Нәтижелерді Web of Science дерекқорында импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильден кемінде 2 (екі) мақала түрінде немесе Scopus дерекқорында Citescore бойынша кемінде 50 процентилі бар журналдарда жариялау.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	1) Деректер қорымен индекстелетін халықаралық журналдарда (Web of Science, Scopus) жарияланатын ғылыми мақалаларды, сондай-ақ отандық басылымдарды талдау арқылы зерттеу тақырыбы бойынша қолжетімді ғылыми ақпаратқа шолу жүргізілуде 2) Қазақстанның ықтимал ластанған аумақтарынан сынама алу жүргізіледі; 3) Торий мен уран изотоптарының құрамына талдау жүргізу жұмыстары жүргізілуде.; 4) Табиғи радионуклидтерге қатысты ең жоғары биоконцентрациялық қабілеті бар саңырауқұлақтардың

	түрлері анықталады; 5) Саңырауқұлақтарды алдын ала өңдеудің ең тиімді физика-химиялық әдістері анықталады; 6) Нәтижелер Web of Science деректер базасында импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартилден тұратын журналдарда кемінде 2 (екі) мақала түрінде немесе Scopus деректер базасында CiteScore пайыздық көрсеткіші кемінде 50 болып жарияланады.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	Нурсапина Нургул Арманқызы - Web of Science ResearcherID: T-1730-2017. ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5834-9932 Матвеева Илона Валерьевна - h-индекс=4. Web of Science ResearcherID: A-4758-2015. ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3553-2010 Scopus Author ID: 55171504500.
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	Алынған деректер 2024 жылдың 7–11 қазан аралығында Алматы қаласында өткен V Халықаралық ғылыми форумда «Ядролық ғылым және технологиялар» тақырыбында ұсынылды. Саңырауқұлақтарды физика-химиялық өңдеу әдістерінің олардағы табиғи радионуклидтер құрамына әсерін зерттеу жұмыстары жалғасуда. Форум туралы сілтеме: https://inp.kz/ru/novost/v-mezhdunarodnyj-nauchnyj-forum-yadernaya-nauka-i-tehnologii
Патенттер туралы ақпарат	